

Жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі қызметтерді сертификаттау, сертификатқа өзгерістер мен қосымшалар енгізу немесе телнұсқа алу кезіндегі ұсынысқа қосымша берілген құжаттар тізбесі мен Жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі қызметтерді сертификаттық тексеру бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті Төрағасының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 64 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 21 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3573. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 11 ақпандағы N 79 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2010.02.11 N 79 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық кесімдер базасын "Азаматтық авиация саласындағы қызметтерді сертификаттау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1187 қаулысымен бекітілген Азаматтық авиация саласындағы қызметтерді сертификаттау ережесімен сәйкестікке келтіру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі қызметтерді сертификаттау, сертификатқа өзгерістер мен қосымшалар енгізу немесе телнұсқа алу кезіндегі ұсынысқа қосымша берілген құжаттар тізбесі ;

2) Жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі қызметтерді сертификаттық тексеру бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары **Б.М.Наурызәлиевке** жүктелсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрлігінің Азаматтық
авиация комитеті Төрағасының

**Жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді,
почтаны өңдеу жөніндегі қызметтерді сертификаттау,
сертификатқа өзгерістер мен қосымшалар енгізу
немесе телнұсқа алу кезіндегі ұсынысқа
қосымша берілген құжаттар тізбесі**

1. Жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі Сертификат алуға өтінімге өтінім беруші қоса беретін құжаттар:

1) жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша құрылтай құжаттары (ұйымның заңды дербес ретінде жарғы көшірмесі немесе жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі сертификатталатын қызмет құрамына кіретін ұйым жарғысының көшірмесі;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, жеке тұлға үшін жеке басты куәландыратын құжат көшірмесі, сондай-ақ заңды тұлға ретінде құрылмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжат көшірмесі;

3) өтініш берушінің қызметі бойынша басшылық;

4) өтінім берушінің бекітілген құрылымы;

5) өтінім берушінің құрылымдық бөлімшелері туралы ереже;

6) өтінім берушінің штаттық кестесі;

7) ұйымның басшылық құрамы бойынша жиынтық мәліметтері;

8) жолаушылық және жүктік терминалдың қысқаша техникалық сипаттамасы (алаңы, өткізу мүмкіншілігі, пайдалануға кіргізу жылы);

9) санитарлық және экологиялық қадағалаудың мемлекеттік органдарының қ о р ы т ы н д ы с ы ;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген тәртіпте жеке құрамды міндетті түрде сақтандыру полистерінің көшірмелері;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген тәртіпте үшінші тұлғалардың алдындағы азаматтық жауапкершілікті сақтандыру полистерінің көшірмелері;

12) жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді, почтаны өңдеу бойынша қызмет көрсету үшін технологиялық бөлмелердің, технологиялық жабдықтардың, арнайы техника мен арнайы көліктің тізбесі;

13) метрология бойынша органмен келісілген міндетті метрологиялық тексеруге жататын өлшеуіш құралдарының тізбесі;

14) өлшеуіш құралдарының соңғы мемлекеттік тексеру актісі;

15) әуежай қызметтері мен басқа да мемлекетті органдармен өзара қатынас жөніндегі технологиялық нұсқаулықтар;

16) технологиялық жабдықтардың, арнайы техниканың, арнайы көліктің тізбесі және жолаушыларға қызмет көрсету бағажды, жүкті, почтаны өңдеу жөніндегі қызметтер көрсетудің технологиялық сипаттамалары;

17) Өтінім беруші персоналының біліктілігін жоғарылату бойынша шаралар жоспары.

2. Жолаушыларға қызмет көрсету, бағажды, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі сертификатқа өзгерістер енгізуге өтінім беруші беретін құжаттар:

- 1) қажетті негіздемелермен ерікті нысандағы өтінім;
- 2) бұрын берілген Сертификат оригиналы.

3. Осы Тізімнің 1 тармағында белгіленген құжаттар өтінімге Сертификаттың телнұсқасын алу үшін қоса беріледі.

4. Дәлелдеме құжаттамаларының құрамына енгізілетін барлық материалдар екі данада (уәкілетті орган мен өтінім беруші үшін бір бірден) рәсімделеді.

5. Түзетілген, қолмен немесе машинкамен жазылып түзетілген, қолы және мөр қойылмаған құжаттар қарауға қабылданбайды.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрлігінің Азаматтық
авиация комитеті Төрағасының
2005 жылғы 29 наурыздағы

N 64 бұйрығымен бекітілген

**Жолаушыларға қызмет көрсету, бағажды, жүктерді,
почтаны өңдеу жөніндегі қызметтерді сертификаттық
тексеру бағдарламасы**

Әуеайлақ пайдаланушысының атауы _____

Тексерілген күні, бұйрықтың N _____

Тексерушілердің Т.А.Ә.а, лауазымы _____

Р / с N	Бағдарлама нөмірлері элементтер	бойынша және	позициялар тексерілетін	Сәйкестік бағасы (-+)	Сәйкес- сіздік позиция- сының нөмірі
1	2			3	4
1. Ұсынылған құжаттама жиынтығының бар болуы және сәйкестігі					

1)	Сәйкестік сертификатын алуға өтінім.		
2)	Ұйымның-өтініш берушінің жарғысы (құрылтай шарты).		
3)	Заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік (жеке тұлға үшін - заңды тұлға ретінде құрылмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжат көшірмесі).		
4)	Өтініш берушінің ұйымдастырушылық құрылымы, штат кестесі, жүктелген функцияларды орындауға жеткіліктілігі.		
5)	Басшы құрамның және авиация мамандарының (қызметкерлердің) міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтар.		
6)	Еңбек және өндірістік санитария қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтар.		
7)	Басшылық құрам мен мамандар жөніндегі деректер, олардың сәйкестігі.		
8)	Арнайы көлікті және механизмдер, арнайы жабдықтарды пайдалану және қызмет көрсету бойынша мамандар жөніндегі деректер, олардың сәйкестігі.		
9)	Осы қызмет түрлері бойынша қызметі жүзеге асырылатын нормативті-басқару құжаттарының, технологиялық нұсқаулықтардың тізбесі мен бар болуы.		
10)	Жолаушыларға қызмет көрсету, бағажды, жүктер мен почтаны өңдеу қызметтері жөніндегі басшылық, анықталатын мәселелердің толықтығы. Белгіленген талаптарға сәйкестігі және енгізілетін өзгерістердің уактылығы.		
11)	Арнайы техниканы сақтандыру полистері (іс-әрекетінің мерзімі мен аумағы).		
12)	Арнайы техниканы, жабдықтарды, алаңдарды, өндірістік бөлмелерді жалға алу келісімдерінің, егер олар болған жағдайда (іс-әрекетінің мерзімі) бар болуы.		
13)	Авиакомпаниялар мен ұйымдарға осы қызметтерді көрсету жөніндегі шарттардың бар болуы.		
14)	Авиация персоналының біліктілігін жоғарылату курстарынан өту шартының бар болуы.		
15)	Авиациялық қауіпсіздікті және апаттық-құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың, авиациялық қауіпсіздікті, апаттық-құтқару жұмыстарын және өрт сөндіруді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың жоспарының бар болуы.		
16)	Жеке құрамға медициналық қызмет көрсету (ауысу алдында медициналық тексеру).		
17)	Санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық қадағалау мемлекеттік органдарының қорытындысы.		
18)	Әуеайлақ, перрон бойынша арнайы техника, арнайы көлік, машиналар мен механизмдер қозғалысын ұйымдастыру.		
19)	Әуеайлақ және оның маңайында қозғалатын көлік құралдарын басқару және олармен байланыс.		

20)	Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әуежай қызметтерімен өзара іс-әрекет.		
21)	Осы қызмет түрлерін көрсету үшін қолданылатын арнайы техника мен жабдықтар тізбесі мен бар болуы, олардың жай-күйі.		
22)	Күзгі-қысқы және көктемгі-жазғы навигация жағдайында арнайы техника мен жабдықтарды, жеке құрамды дайындау жөніндегі құжаттама.		
23)	Абоненттерді шақыру және радио арқылы сөйлесу фразеологиясы.		
24)	Метрологиялық жұмыстарды жүргізу, міндетті түрде тексеруге жататын өлшеуіш құралдарының тізілімі, МЕМСТ-тар мен стандарттар талаптарын сақтау.		
25)	Халықаралық тасымалдауларға қызмет көрсетуге рұқсаттары бар әуежайлар үшін шекаралық, кедендік және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен өзара қатынастарының келісілген технологиясының бар болуы.		
2. Өндірістік база			
26)	Жолаушылық және жүктік терминалдардың жоспар-сұлбасы.		
27)	Технологиялық бөлмелер: - ұшып шығу залы; - ұшып келу залы; - транзиттік жолаушылар үшін зал; - багаждар мен жүктерді өңдеу залы; - жинақтау залы; - халықаралық рейстерге қызмет көрсету залы; - жоғалған және талап етілмеген багажды сақтау бөлмесі.		
28)	Орнатылған жабдықтардың бар болуы: - Жолаушылар мен авиациялық персоналды көзбен шолып ақпараттандыру және хабардар ету жүйесі мен құралдары; - әуевокзалдарында, жүк қоймаларында және әуежай перрондарында және әуе кемелерінде авиациялық қауіпсіздік және ұшу алдындағы тексеру шараларын орындау үшін жүйелер мен құралдар; - жолаушыларды, багажды, жүктерді тіркеу жүйелері; - өндірістік қызметтерді басқару және үйлестіру жүйелері мен құралдары; - мөлшер өлшеуіш техника; - тіркеу тұрағы; - төлқұжаттық бақылау кабиналары (халықаралық рейстеріне қызмет көрсетуге рұқсаттары бар әуежайлар үшін); - жеке тексеру бөлмесі.		
29)	Жолаушыларды жеткізу, қондыру (шығару), багажды, почтаны және жүктерді әуе кемесінің бортына (борттан) кіргізу (түсіру) бойынша, почтаны және жүктерді өңдеу бойынша арнайы техника мен механизмдердің техникалық жай-күйі.		
30)	Жүктерді сақтау, өңдеу, түсіру үшін, сонымен қатар әуе көлігімен тасымалдауға рұқсаты бар қауіпті жүктердің санатына жатқызылғандарды да.		

31)	Бизнес-залдар мен VIP-залдар.		
3. Ұшып шығатын және ұшып келетін жолаушыларға қызмет көрсету үрдістерін қамтамасыз ету			
32)	Қажетті тасымалдау құжаттар пакетінің (биркалар, отырғызу талондары және т.б.) бар болуы.		
33)	Билеттерді тіркеу және багажды тасымалдау рәсімдері.		
34)	Жолаушыларды тұрақ орындарына жеткізу және оларды әуе кемесіне отырғызуды ұйымдастыру.		
35)	Багажды тұрақ орындарына жеткізу және оны әуе кемесіне тиеу.		
36)	Әуе кемесінен шығу кезінде жолаушыларды кездестіру.		
37)	Әуе вокзалының ғимаратына жолаушыларды жеткізуді ұйымдастыру.		
38)	ӘК түсіру, көлікпен тасымалдау және жолаушылардың жол жүктерін беру.		
39)	Трансферлік және транзиттік жолаушылардың ұшып шығуын бақылауды жүзеге асыру.		
40)	Трансферлік және транзиттік жолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру.		
4. Жіберілетін және әкелінетін жүктерге қызмет көрсетуді қамтамасыз ету			
41)	Жүк жіберушіден жүкті қабылдау (жүкті өлшеу, тасымалдау құжаттарын ресімдеу).		
42)	Жүкті уақытша сақтау.		
43)	Жүкті ӘК-інен жүк терминалына жеткізу.		
44)	Жүк алушыға жүкті беру.		
45)	Жүктерді, соның ішінде әуемен тасымалдауға рұқсат берілген қауіпті жүктерді әуе көлігімен тасымалдау үшін ресімдеу жөніндегі құжаттамаларды жүргізу.		
46)	Жоғалған багаждар мен жүктер бойынша талап жұмыстарын жүргізу.		

Е С К Е Р Т П Е :

- (*) осы пайдаланушысы үшін міндетті емес;
(-1) пайдаланушы сертификатын беруге кедергі келтіретін сәйкессіздіктер;
(-2) келісілген мерзімдерде жойған жағдайларда немесе шектеулер енгізілгенде, пайдаланушының сертификатын беруге кедергі келтірмейтін с ә й к е с с і з д і к т е р ;
(-3) пайдаланушының сертификатын беруге кедергі келтірмейтін әрі өндірісті және сапа жүйесін жетілдіргенде жоюға болатын сәйкессіздіктер.

ҚОСЫМША: Сәйкессіздіктер тізбесі ____ парақта (парақтарда).

ТЕКСЕРУШІЛЕР: _____

_____ (қолы, Т.А.Ә.а)

ТАНЫСТЫМ: Азаматтық авиация
ұйымының басшысы: _____

(қолы) (Т.А.Ә.а)

Сертификаттық тексерудің жүргізілген күні: " ____ " _____ 200_ж.

**Жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүктерді,
почтаны өңдеу жөніндегі қызметтерді сертификаттық
тексерудің бағдарламасына сәйкессіздіктер тізбесі**

(Өтінім берушінің атауы)

Сертификаттық бағдарламасындағы позициясының N	тексерудің сәйкессіздік	Сәйкессіздіктің сипаттамасы	Ескертпе
1		2	3

Тексерушілер: _____

_____ (қолы, Т.А.Ә.а)

Таныстым: _____

(ұйымының басшысы, қолы, Т.А.Ә.а)

Сертификаттық тексерудің
жүргізілген күні: " ____ " _____ 200_ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК